

## ЗАМАНДАСЫМ ЕДІ



Мен қазақтың бұлбұл көмей, жезтаңдай әнші қызы Күләштен екі-ақ жас кіші едім. Солай болса да, алғашқы көрген, кездескен сәттерде-ақ Күләш маған ұстамды, салмақты мінезімен үлкен адам секілді көрінгені бар. Күләш онда 19 жаста ғана болатын.

1930-жылдың жаз айы еді. Соның алдында ғана Қызылордадан Алматыға қоныс аударған Қазақ мемлекеттік драма театрының құрамына ел ішінен өнерге бейімі бар талапты жастарды шақыртып, жинап жатты.

Осы хабарды естіп, Талдықорғанның Ақсу ауданынан астанаға мен де бардым. Күләшпен осы сапарымда алғаш рет танысып, кейіннен сырлас, апалы-сіңілі адамдардай болып кеттік.

Күләш ол кезде пәтерде тұрады екен. Көп кешікпей мені өзіне бауыр тартып, сол пәтерге бірге тұруға шақырды. Мен қуана келістім.

1930 жылдың жазында бір топ алматылық өнер иелері ел аралап ойын қойды. Әлі есімде, басты рөлдерде Күләш ойнаған «Шахта», «Зәуре», «Арқалық батыр» пьесаларын Семейде, Аягөзде, Жармада, Павлодарда қойғанымыз бар.

Күләш сол кезде «Қызыл орамал шаршылап», «Жеңеше-ай» әндерін тамылжыта орындайтын еді. Күләш қандай әнді болмасын байыпты, биязы, беріле айтатын.

Кейіннен заманымыздың кемеңгер жазушысы Мұхтар Әуезов менің замандасым Күләш туралы былай деген еді: «Осы бір өнер жұлдызының алғыр зердесіне, құйма құлақтығына қайран қаламын».

Мен замандасым Күләштің асыл бейнесін әрқашан есімде сақтаймын.

*«Семей таңы». – 1982. – 30 сәуір*